

“Адамзаттың рухына керектің үлкені - газет, журнал, кітап оқу”

С. Сейфуллин

ЖАҢААРҚА



Аудандық қоғамдық-саяси газет

эл. пошта: janaarkagazeti@mail.ru

Газет 1938 жылғы 24 сәуірден шығады

№ 11 (10268), 26 наурыз, 2026 жыл

Жас спортшының жеңісі – ел мерейі



Халықаралық додада жас спортшы Владислав Саможонов күміс жүлдеге ие болып, ел абыройын асқақтатты. Бұл жетістік – тек спортшының ғана емес, оны тәрбиелеген ұстаздары мен қолдау көрсеткен отбасының ортақ жеңісі.

Таяуда Тайланд елінде бокстан жасөспірімдер арасында олимпиада ойындарында іріктеу турнирі өтті. Аталған додада Қазақстан намысын қорғаған жерлесіміз Владислав Саможонов (+90) кг салмақ дәрежесінде жартылай финалда АҚШ спортшысы Калев Стюард Рейдті сенімді түрде жеңіп, финалға жолдама алды. Осылайша қазақстандық боксшы Бангкокта (Таиланд) World Boxing ұйымының бастамасымен алғаш рет ұйымдастырылған халықаралық «Болашақ кубогы» (Futures Cup U-19) турнирінің финалдық жекпе-жегіне шықты.

Шешуші айкаста 90 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Саможоновқа қарсы рингке Өзбекстан өкілі Ислам Салихов шықты. Владислав Өзбекстанның супертяжімен күш сынасып, қарсыласына есе жіберді.

Байрақты бәсекеде екінші орынды иеленген бұл жеңіс еліміз үшін асқақ абырой, биік мерей.


Осы орайда аудан әкімі дарынды спортшыны арнайы қабылдап, жеңісімен құттықтады. Кездесу барысында Владислав Саможоновқа қомақты сомада ақшалай сыйлық табысталып, құрмет көрсетілді. Сонымен қатар, спортшының ата-анасына да алғыс білдіріліп, олардың бала тәрбиесіндегі еңбегі ерекше атап өтілді.

Жас боксшының жетістікке жету жолында аянбай еңбек еткен жаттықтырушысы Қайрат Хасеновтің еңбегі де жоғары бағаланды. Ол кісіге де бағалы сыйлық берілді. Оның кәсіби шеберлігі мен шәкіртіне деген сенімі бұл жеңістің негізгі себептерінің бірі екені сөзсіз.

Кездесуге қатысқан спортшының мұғалімдері мен аудандық білім бөлімінің басшысы Махаббат Балабаева да өз тілектерін білдіріп, былғары қолғап шеберіне алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындыруына сенім артты.

Шара соңында еңбек ардагері, Жаңаарқа кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Бейбіт Қасенов ақ батасын беріп, жас спортшының жолы әрдайым ашық болуын тіледі. Бұл жеңіс – аудан жастарына үлгі, ал Владислав Саможоновтың табандылығы мен еңбегі болашақ чемпиондардың қалыптасуына үлкен серпін беретіні анық.

Салтанат БАЛТАБАЙҚЫЗЫ
МТ



Ұлттық киімді ұлықтаған шеру



Наурызана тұжырымдамасына сәйкес әрбір атаулы күн ұлттық құндылықтарды ұлықтауға бағытталып отыр. Соның бірі – Ұлттық киім күні. Бұл күн қазақтың дәстүрлі киімін дәріптеп қана қоймай, оны заманауи өмірмен ұштастыру, ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды тетігіне айналып келеді.

Қазақ дүниетанымында киім – жай ғана тұрмыстық бұйым емес, ұлттың ішкі болмысын танытатын айрықша белгі. «Адам көркі – шүберек» деген сөздің астарында сыртқы келбеттен бұрын, адамның

қоғамдағы орны мен мәдени деңгейін аңғартатын терең мән жатыр. Сондықтан ұлттық киім – тек сәндік элемент емес, ол – ұлттың рухани коды, тарихи жады мен танымының көрінісі.

Ұлттық киім күніне орай ауданымызда кең көлемде ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылды. Тағылымы мол шараның басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеп, дәстүрлі киім үлгілерін насихаттау болды.

Мерекелік шара басында Ұлытау облысы Дін істері басқармасының басшысы Дулат Рашидұлы Төлегенов облыс әкімінің құттықтауын жеткізді. Құттықтауды аудан әкімі Қанат Шубайұлы Қожықбаев жалғастырды. Ол өз сөзінде ұлттық киім – халықтың тарихы мен мәдениетінің айнасы екенін атап өтіп, мұндай игі бастамалардың өскелең ұрпаққа берер тәрбиелік мәні зор екенін жеткізді.

Шара барысында мәслихат төрағасы Юржан Асанұлы Бекқожин, сондай-ақ танымал тігінші, он қолынан өнері тамған ісмер Рымкеш Дүйсенбайқызы Әлтаева және еңбек ардагері Бейбіт Байбосынұлы Хасенов сөз сөйлеп, қатысушыларды мерекемен құттықтады. Олар ұлттық киімнің маңызын түсіндіріп, салт-дәстүрді сақтау – әр азаматтың парызы екенін атап өтті.

Салтанатты шараның шарықтау шегі – ұлттық киімдер шеруі болды. 500-ге жуық адам қатысқан шеру ауданның орталық көшесімен жүріп өтіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Қатысушылар түрлі ұлттық нақыштағы киімдерді киіп, қазақ халқының бай мәдени мұрасын паш етті. Шеру басында ауданымыздың серісі, жеті қазынаның бағалаушысы Қайсар Сейпішевтің тазысы мен бүркіті орын алды. Ежелгі батырларымыздың образына енген жас сарбаздар көшті бастады.

Бұл мерекелік шеру – ұлттық бірегейлікті нығайтып, ата-бабадан қалған асыл мұраны ұлықтауға бағытталған маңызды шаралардың бірі болды.

Өз тілшімізден
МТ



Жаңару мен бірліктің жарқын көрінісі



Қазақ халқы үшін наурыз – тек жыл басы ғана емес, ізгілік пен жаңару мерекесі. Бұл күні адамдар бір-бірімен көрісіп, ақ тілектерін айтады. Қариялар жастарға бата беріп, ренжіскен адамдар та-туласады. Бұлақтардың көзін

жоғары деңгейде аталып өтті. Мерекелік жиынды аудан әкімі Қанат Шубайұлы Қожықбаев құттықтау сөзімен ашты.

Мереке аясында арнайы тігілген киіз үйлерде халқымыздың бай мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі



ашып, ағаш отырғызу дәстүрі де осы күнмен тікелей байланысты. «Атаннан мал қалғанша, тал қалсын» деген нақыл сөз де осы дәстүрдің мәнін білдіреді. Сондай-ақ бұл күні мұқтаж адамдарға көмектесу, жетім-жесірге қамқорлық көрсету, ағайын-туыстың арасын жарастыру секілді ізгі істер жасалған. Осындай салт-жоралғылар Наурыздың тек табиғаттың жаңаруын ғана емес, адам жанының да жаңаруын білдіретін мереке екенін дәлелдейді.

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күнін атап өтуге аудан тұрғындары орталық көшеге жиналды. Аудан әкімшілігінің ұйымдастыруымен Наурыз мерекесі



кеңінен таныстырылып, қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылды. Мерекелік бағдарламаның маңызды бөлігі – театрландырылған әдеби-сазды концерт болды. Ер жүрек Томирис бейнесі көз алдымызға келіп, Қыдыр ата батасын берді.

Ұлттық киім киген өнерпаздар сахна төрінде халқымыздың салт-дәстүрін, тарихы мен мәдениетін көркем түрде бейнелеп, көрермендерді ерекше әсерге бөледі. Өн мен күй, би мен жыр үндескен бұл кеш рухани құндылықтарды дәріптеудің жарқын үлгісіне айналды.

(жалғасы 4 бетте)

26 наурыз 2026 жыл

7

ЖАҢААРКА

ЕСКЕ АЛУ



Айнабұлақ ауылының тұрғыны болған шаңырағымыздың берекесі аяулы да ардақты анамыз, асыл әжеміз **Ұмсын Аманжолқызының** арамыздан алыстап мәңгілік мекеніне аттанғанына 4 сәуір күні 40 күн толады.

Аяулы анамыз көзі тірісінде жылу мен мейірімін аямай, отбасының панасы әрі қамқоршысы бола білді.

Балалары мен немерелеріне, туған-туысқа саялы бәйтеректей қамал болды.

Анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, Алла панасына алсын дейміз!

Анашым, көзден кеттіңіз мәңгі жырақтап,

Сенбей сізді көп іздедік біз жылап.

Кетіпсіз ғой бұл өмірден мәңгіге,

О дүниені мекен қылып тұрақтап.

Жалғап өскен ағайынның арасын,


Қайран Ана, бір төбесіз, дарасыз.

Тірі болса артындағы ұрпағың,

Анашым, мәңгі есте қаласыз!

Еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері

Аяулы анамыздың өмірден өткеніне 40 күн толуына байланысты 4 сәуір күні сағат 16.00-де "Салауат" мейрамханасында құдайы дәм беріліп, дұға бағышталды



Ауданымыздың тумасы, арқа сүйер азамат, асқар тау әке, ардақты ата, асыл бауыр **Шерубай Төлеуұлы Далбаевтың** арамыздан алыстап, мәңгілік мекеніне аттанғанына 9 сәуір күні 1 жыл толады.

Шаңырағының тірегі, балаларының қорғаны, ағайын-туыстың ақылшысы болған ардақты әкеміз жүрген ортасына сыйлы, дос-жаранға қадірлі жан еді.

Әкеміздің артында оның өнегелі өмірінің жалғасы балалары, немерелері қалды.

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,

Ел айтады, жұрт айтады жарысып.

Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,

Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.

Бәйтеректей әулетке сая болған,

Бәрінен де мейірімін аямаған.

Жәннатта жаның болсын, рухың биік,

Өзіндей қайда бізге аяулы адам.

Сағына еске алушылар: бауырлары, жұбайы - Әсия, балалары, немерелері
4 сәуір күні сағат 13:00-де "Алтын тас" мейрамханасында ардақты әкеміздің, қамқор бауырымыздың өмірден өткеніне 1 жыл толуына орай құран бағышталып, ас беріледі

Мерекеледе сақталатын қандай ырым-тыйымдар бар?

Наурыз – түркі халықтарының бәріне бірдей ортақ «Көктем мерекесі» болып саналады. Ескі замандарда өмір сүрген түркі тұқымдас халықтардың табиғат және жаратылыс тануына, өз өмірлеріндегі тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарына байланысты салт пен дәстүрді насихаттайтын ұлы мереке. Қазақтар бұл мерекені «Ұлыс күн», «Ұлыс мерекесі», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Осыған орай ұлтымыздың наным-сеніміне орай, бірқатар сақталатын ырым-тыйымдар бар.

Қазақ наурыз күні жаңа шыққан күннің жүзіне қарап, бетін сипайды. Онысы жаңа күннен басыма бақыт дарысын дегені. Қазақ наурыз күні үйіне қарлығаш ұшып кірсе, ерекше қуанады. Жыл құсы келді, шаңырағыма құт кірді деп ырымдайды. Қазақ наурыз күні көңілді жүреді. Біреумен ренжісіп қалудан қорқады. Себебі, жыл басында ренжісе, жыл соңына дейін ісім оңбайды деп ырымдайды. Қазақ наурыз күні ыдыс аяғын сылдыратпайды, құт қазанда тұрады деп ырым етеді. Ыдыс-аяқ сылдырласа, құт үркеді. Қазақ наурыз күні үйіне қыдырып келген баланы құр қол қайтармайды. Бала – бақыт, бала – бал, онымен бірге үйге бақыт кіреді. Бала үйден өкпелеп шықса, бақыт баламен бірге ілесіп кетіп қалады деп ырымдайды. Қазақ наурыз күні алыс сапарға кеткен жолаушыға сыбаға сақтайды. Онысы жолаушы аман келсін, мереке дәмі – береке, осы берекелі астан ауыз тисін дегені. Қазақ наурыз күні үйіне қыдырып келген күйеу жігіт пен қызға ерекше құрмет көрсетеді. Күйеу баласына шапан жауып қайтаралды. Онысы қызымызға жақсы қарасын, қызымыз бақытты болсын дегені. Қазақ наурыз күні мал төлдесе, оның төлін басқа біреуге сыйламайды. Себебі, жыл басындағы құттымыз басқаға ауып кетпесін дегені. Қазақ наурыз күні сауысқан үй төбесіне қонып шықшылықтаса, жақсы ырымға балайды. Олжадан, жақсылықтан сүйінші келеді деп сенеді. Қазақ наурыз күні ошағының астында от қаулап, лапылдап жанса, биыл бақ жұлдызымыз көтеріледі, байымыз деп ырымдайды. Қазақ наурыз күні үйіне дуалы ауызды адамды шақыртып, батасын алады. Барлық іс батадан басталса, баянды болады деп сенеді. Қазақ наурыз күні босағасына, не төріне сарыала сапты қамшы, не садақ сынды құралдарды іледі. Сөйтсе, бұл үйге жын-жыбыр жуымайды деп сенеді.

janaarkagazeti@akparat

Мониторинг нәтижелері

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті Ұлытау облысы білім басқармасының Қаражал қаласы білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжайы және «Балбөбек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының (бұдан әрі – мониторинг объектілері) қызметіне мониторинг аяқталды. Мониторинг акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі Мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызметіне мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша мониторинг объектісін құру, мониторинг объектісі қызметінің жүзеге асырылатын түрлерін кеңейту және (немесе) өзгерту фактілері, сондай-ақ монополияға қарсы органның келісімі алынбаған қызмет түрлерін жүзеге асыру фактілері белгіленбеген. Естеріңізге сала кетейік, мониторинг жүргізудің мақсаты Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

MT

ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

«Nurali Group» ЖШС «Ұлытау облысындағы Шұбароба учаскесінде құрамында алтыны бар кендерді барлау жоспары» жобасына II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. (46°01'55"С, 71°41'06"В).

Әсер ету аумағы: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы., 46°04'15.17"С, 71°44'57.56"В.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 15 мамырда сағат 10:00-де өтеді. Мекен-жайы: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Сейфуллин а.о., Интымак а., Саябақ көшесі, 17.

ТЖ және карантин режимі енгізілген жағдайда Zoom-да ашық тыңдаулар өтеді. <https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KMQJdVjYRytiWHZ2UT09&omn=77955050364>

Конференция идентификаторы: 232 495 5975. Кіру коды: 123

Бастамашысы: «Nurali Group» ЖШС, заң.мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Самар тас жолы, № 15 үй. Тел.: +7 (777) 5786444. БСН 080840019310.

Әзірлеуші: «Экогеоцентр» ЖШС, заң.мекен-жайы: ҚР, 110000, Қостанай қ., Ю. Журавлева к-сі, 9" В", каб. №7, тел. 8(7142)504572. БСН 110740006462.

Жоба бойынша құжаттама Ақпараттық жүйеде орналастырылған <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr/press?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Қосымша ақпарат: 87142504572, 500293@bk.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ұлытау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: ulytau_obl_priroda@mail.ru және Жезқазған қ., Гарышкерлер, 15, сондай-ақ Ақпараттық жүйе платформасында.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!!!

ТОО «Nurali Group» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объектов II категории к проекту «План разведки золотосодержащих руд на участке Шұбароба в области Улытау». (46°01'55"С, 71°41'06"В).

Территория воздействия: область Улытау, Жаңаарқинский район, 46°04'15.17"С, 71°44'57.56"В.

Общественные слушания состоятся 15 мая 2026 года в 10:00. По адресу: область Улытау, Жаңаарқинский район, Сейфуллинский с.о., с.Интымак, улица Саябақ, 17.

В случае введения режима ЧС и карантина открытые слушания пройдут в Zoom. <https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KMQJdVjYRytiWHZ2UT09&omn=77955050364>

Идентификатор конференции: 232 495 5975. Код доступа: 123

Инициатор: ТОО «Nurali Group», юр.адрес: Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, г.Усть-Каменогорск, Шоссе Самарское, дом № 15. Тел.: +7 (777) 5786444. БИН 080840019310.

Разработчик: ТОО «Экогеоцентр», юр.адрес: РК, 110000, г. Костанай, ул. Ю.Журавлевой 9 «В», каб. №7, тел. 8(7142)504572. БИН 110740006462.

Документация по проекту размещена в Информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr/press?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания». Дополнительная информация: 87142504572, 500293@bk.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата области Улытау» по адресам: ulytau_obl_priroda@mail.ru и г. Жезқазған, Гарышкерлер, 15, а также на платформе Информационной системы.